

## Элективті пәндер каталогы

**6B05 - Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика**  
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

**6B051 - Биологиялық және сабақтас ғылымдар**  
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

**0510**

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

**B050 - Биологиялық және сабақтас ғылымдар**  
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

**6B05102 - Биотехнология**  
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

**бакалавр**  
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2023 жыл

## **Әзірленді**

БББ академиялық комитеті  
АК жетекшісі Нұрымхан Гүлнұр Несіптайқызы  
БББ менеджері Джумажанова Мадина Муратовна

## **ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**

Инженерлік-технологиялық факультетінің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі комиссия отырысында  
Университеттің Академиялық кеңесінде бекітуге ұсынылды  
2023 жылғы «10» сәуір № 4/6 хаттама  
Комиссия төрағасы Абдилова Г.Б.

## **БЕКІТІЛДІ**

Университеттің Академиялық кеңесінің отырысында  
2023 жылғы «21» сәуір № 5 хаттама  
Төрағасы Академиялық кеңесінің Оралканова И.А.

## Биотехнологиялық жабдықтар

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән жартылай фабрикаттар мен шикізаттарды өңдеу құрал-жабдықтарын; тағам өнімдерінің аппараттары мен машиналары туралы жалпы мағлұматтарын; тамақ өндірісінің инженерлік міндеттерін және оларды шешудің машина-аппараттық нұсқаларын; жартылай фабрикаттар мен шикізаттарды өңдеу кезінде массаалмасу және жылу үрдістерін жүзеге асыру үшін қолданылатын құрал-жабдықтарын; микробиологиялық процестерді жүргізуге арналған құрал-жабдықтарын; шикізат пен жартылай фабрикаттарды электрофизикалық өңдеуге арналған құрал-жабдықтарын; мәре операцияларын орындауды механикаландыруға арналған құрал-жабдықтарын оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Биотехнологиялық машиналар мен аппараттар, олардың эксплуатациясы аумағында студенттерге негізгі білім беру және оны болашақтағы инженерлік қызметінде қолдана алуы

### Оқыту нәтижелері

ОН8 Экологиялық менеджмент бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндірістің және өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеудің технологиялық процесін жүзеге асыруға қабілетті.

ОН9 Санитарлық және басқа да регламенттер талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндіріс кәсіпорындарын АЖЖ элементтерімен, инженерлік графиканы және өндірістің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету жолдары пайдалана отырып жобалау

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Биотехнологиялық машиналар мен құрылғылардың жұмысын орындау;
2. Биотехнологиялық машиналарды пайдалану мен есептеуде қолданылатын негізгі әдістердің мәнін түсіндіру;
3. Биотехнологиялық машиналарды пайдалану және есептеу туралы білімді басқа оқу пәндерін оқуда қолдану.

### Пререквизиттер

Биотехнология негіздері

### Постреквизиттер

Биотехнологиялық өндіріс кәсіпорындарын ПРЖА қолданумен жобалау

## Тамақ өндірісінің технологиялық процестері мен аппараттары

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән ұқсастық теория негіздерін, тамақ өндірісінің аппараттары мен процестерін есептеудің жалпы принциптері, өндірістің гидромеханикалық процестері, өндірістің механикалық процестері, тамақ өндірісінің технологиялық процестері мен аппараттарын модельдеу негіздері; әртекті жүйелердің сипаттамасы, газды әртекті жүйелерді ажырату, технологиялық процестердің кинетикасы мен динамикасының негіздері; гидромеханикалық және механикалық процестердің, машиналардың, аппараттардың есептері; механикалық және гидромеханикалық процестер мен аппараттардың заманауи мәселелерін оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Механикалық және гидромеханикалық процестері мен аппараттардың инженерлік есептеулері туралы білім негіздерін алу.

### Оқыту нәтижелері

ОН8 Экологиялық менеджмент бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндірістің және өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеудің технологиялық процесін жүзеге асыруға қабілетті.

ОН9 Санитарлық және басқа да регламенттер талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндіріс кәсіпорындарын АЖЖ элементтерімен, инженерлік графиканы және өндірістің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету жолдары пайдалана отырып жобалау

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Өсімдік және жануар текті шикізаттан тамақ өнімдерін өндірудің технологиялық процестерін қолдану;
2. Технологиялық жабдықты таңдауды жүзеге асыруға;
3. Механикалық және гидромеханикалық процестерді, құрылғыларды, машиналарды есептеуді орындау, алған білімдерін басқа оқу пәндерін оқуда пайдалану.

### Пререквизиттер

Биоинженерия

### Постреквизиттер

Ашыту өндірісінің кәсіпорындарын жобалау Е т және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарын жобалау

## Ет және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының технологиялық жабдықтары

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән технологиялық жабдық туралы ұғымды, жіктелуін, негізгі параметрлерді; жабдықтағы өнім кинетикасы мен қозғалысының жылдамдығын; сүтті стерильдеуге арналған құрал-жабдықты; сары май өндіруге арналған жабдықты; балмұздақ өндіруге арналған құрал-жабдықты; ірімшік өндіруге арналған құрал-жабдықты; технологияның ерекшеліктерін

және құрал- жабдықтың жіктелуін; сүзбе өндіруге арналған құрал- жабдықты; ақуызды сүт өнімдерін өндіруге арналған құрал- жабдықтың технологиялық есептеулерін; сүт құюға арналған құрал- жабдықты оқытады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Технологиялық жабдықтар және машиналар төңірегіндегі білімдер негіздерін алу.

### **Оқыту нәтижелері**

ON8 Экологиялық менеджмент бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндірістің және өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеудің технологиялық процесін жүзеге асыруға қабілетті.

ON9 Санитарлық және басқа да регламенттер талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндіріс кәсіпорындарын АЖЖ элементтерімен, инженерлік графиканы және өндірістің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету жолдары пайдалана отырып жобалау

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Ет және сүт өнеркәсібінің технологиялық процестерінің теориясы мен есебінің негізгі ережелерін анықтау;
2. Өңдеу өнеркәсібінің өндірістік технологиялары мен техникалық жабдықталуына талдау жасау;
3. Технологиялық процестерді модельдеуді жүзеге асыру; машина бөлшектері мен бөлшектерінің негізгі инженерлік есептерін орындау.

### **Пререквизиттер**

Биоинженерия

### **Постреквизиттер**

Ашыту өндірісінің кәсіпорындарын жобалау

Е т және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарын жобалау

## **Ғылыми зерттеу негіздері**

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

Пән ғылыми- зерттеу қызметін және оның ерекшеліктерін; ғылыми- зерттеу қызметінің кезеңдерін; зерттеу қызметінің ақпараттық ресурстарын; библиографиялық ақпаратты және оның өмір сүру нысандарын; ақпараттық іздестіру стратегиясын; ғылыми- зерттеу қызметінің нәтижелерін; ҒЗЖ презентациясының нысандарын; магистрлік диссертацияны зерделейді: мақсаты, міндеттері, құрылымы; ғылыми танымның әдіснамалық негізі; теориялық және эмпирикалық зерттеулердің әдістері әдістері; ғылыми-техникалық шығармашылықтың теориясы мен әдіснамасының элементтерін оқытады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Ғылыми зерттеу методологиясы аумағында білім алу, түйсіктің теориялық және эксперименттік әдістерін қолданбалы аспектілерін тереңдетіп нақтылау.

### **Оқыту нәтижелері**

ON10 Заманауи ғылыми – зерттеу, білім беру және ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, ғылыми- зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, жоспарлау және жүргізу тәртібін анықтайды, сондай-ақ объектіге және қойылған міндеттерге байланысты талдау әдістерін таңдай алады

ON11 Ақпаратты іздеу және сақтау үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану, электрондық кестелермен жұмыс істеу, деректерді жүйелеу, деректер қорымен жұмыс істеу

### **Пән бойынша оқыту нәтижелері**

1. Мақсаты мен міндеттерін, объектісі мен пәнін, зерттеу гипотезасын тұжырымдау;
2. Алынған нәтижелерді өңдеу, қолда бар мәліметтерді ескере отырып талдау және түсіну; жазбаша ғылыми жұмыстың проспекті - жоспарын құрастыру;
3. Ғылыми зерттеу негіздері бойынша жұмыстарды жоспарлау және жүргізу үшін компьютерлік технологияны қолдану.

### **Пререквизиттер**

Биотехнология негіздері

### **Постреквизиттер**

Тағам өндірісінде ферменттік препараттарды қолдану

Экологиялық биотехнология

## **Ет және сүт өндірісіндегі микробиология және биотехнология**

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### **Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы**

«Ет және сүт өндірісіндегі микробиология және биотехнология» пәні ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді микробиологиялық бақылау әдістерін; ет және сүт өнімдерін микробиологиялық зерттеу әдістерін оқытады. Ет және сүт өнімдері арқылы адамға берілетін патогендерді микроорганизмдердің индикациясы және идентификациясын; микроорганизмдердің ет және сүт өнімдерін өңдеу мен сақтаудың технологиялық процестеріне әсерін; микробиологиялық көрсеткіштер бойынша ет және сүт өнімдерінің сапасын бағалауды оқытады.

### **Пәнді оқыту мақсаты**

Студенттердің тағам өндірісінің маманы аймағында білім алу.

### **Оқыту нәтижелері**

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо- физиологиялық, биохимиялық, молекулалық- генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау

ON7 Биотехнологияның әртүрлі салаларында қолданылатын микроорганизмдерді, өсімдіктерді немесе жануарларды ғылыми зерттеулер мен практикалық зерттеулер үшін объектілер ретінде қолдану

ON8 Экологиялық менеджмент бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндірістің және өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеудің технологиялық процесін жүзеге асыруға қабілетті.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Өнімдер мен қызметтер сапасының белгіленген стандарттарға сәйкестігін технологиялық бақылауды жүзеге асыру;
2. Қазіргі заманғы технологиялық жабдықтардың маркаларын таңдау және эксплуатация әдістемесін анықтау;
3. Өнімнің сапасына қойылатын талаптарды анықтау.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Тағам өнімдерінің экспертизасы Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі Биотехнологиялық өндірістің микробиологиялық негіздері

## Тағамдық микробиология

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән стерильдеу әдістері мен құралдарын; микроорганизмдер препараттарын дайындау әдістерін; микроорганизмдерді культивирлеуді; қоректік ортаға микроорганизмдерді егу техникасын; мицелиальды саңырауқұлақтардың, дрожжылардың, бактериялардың морфологиясын; бактериялардың культуралық және физиологиялық-биохимиялық белгілерін; сүт қышқылды бактериялардың таза культураларын бөлуді; микроорганизмдерді сандық есепке алу әдістерін; бөлме ауасының микрофлорасын зерттеуді; судың санитарлық-бактериологиялық талдауын; топырақтың санитарлық-микробиологиялық талдауын; тағам өнімдерінің бүлінуін тудыратын бактериялардың сипаттамасын; тағам өнімдерінің микробиологиялық талдауын оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

«Тағамдық микробиология» пәнін меңгеру мақсаты – мал шаруашылығы өнімдерінің, өсімдік шаруашылығы микробиологиясының пәні, міндеттері мен маңызы туралы білімді, шартты патогенді және санитарлық-көрсеткішті микроорганизмдер туралы білімді, тағам өнімдерін санитарлық - микробиологиялық зерттеудің принциптері мен әдістерін меңгеру.

### Оқыту нәтижелері

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо-физиологиялық, биохимиялық, молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау

ON7 Биотехнологияның әртүрлі салаларында қолданылатын микроорганизмдерді, өсімдіктерді немесе жануарларды ғылыми зерттеулер мен практикалық зерттеулер үшін объектілер ретінде қолдану

ON8 Экологиялық менеджмент бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндірістің және өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеудің технологиялық процесін жүзеге асыруға қабілетті.

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу саласында ғылыми зерттеулер жүргізу, алынған мәліметтерді талдау және жалпы қабылданған әдістер бойынша жалпылау;
2. Ауыл шаруашылығы шикізатының және оларды қайта өңдеу өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі көрсеткіштерін талдау әдістерін басқару;
3. Тамақ өнімдерінің сапасына әсер ететін микроорганизмдердің негізгі топтарының морфологиясын анықтау.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Жасушалық биотехнология Микроорганизмдер биотехнологиясының негіздері Тағам өнімдерін талдау әдістері Биотехнологиялық өндірістерді микробиологиялық бақылау

## Тағамдық микробиология және санитарлық гигиена

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

«Тағамдық микробиология және санитарлық гигиена» пәні санитариялық-көрсеткіштік микроорганизмдерді; тамақ өндірісін санитариялық-микробиологиялық бақылауды; микробиологиялық бақылау қағидаларын; объектілерді микроорганизмдерден залалсыздандыру тәсілдерін; өндірістік санитарияны; спирт, шарап, сыра, дрожжы алу, нан пісіру, сүт қышқылды өнімдер өндірісінде қолданылатын микроорганизмдердің биологиялық қасиеттері мен тіршілік ету процестерін; тамақ өнімдерін бүлінудің қоздырғыштарын; тамақ өнімдерін санитариялық-микробиологиялық зерттеу; тұрмыстық заттар мен персоналдың қолын санитарлық-бактериологиялық бақылауды оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Тағам өндірісінің маманына сәйкес білім алу, болашақта алған білімін тәжірибеде қолдана білу.

### Оқыту нәтижелері

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің

құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо- физиологиялық, биохимиялық, молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау

ON7 Биотехнологияның әртүрлі салаларында қолданылатын микроорганизмдерді, өсімдіктерді немесе жануарларды ғылыми зерттеулер мен практикалық зерттеулер үшін объектілер ретінде қолдану

ON8 Экологиялық менеджмент бойынша халықаралық стандарт талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндірістің және өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеудің технологиялық процесін жүзеге асыруға қабілетті.

#### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Тамақ өнімдеріне микробиологиялық бақылау жүргізу;

2. Зертханалық құрал-жабдықтарды қолдану;

3. Микроорганизмдердің негізгі топтарын анықтау.

#### Пререквизиттер

Мектеп курсы

#### Постреквизиттер

Микроорганизмдердің өндірістік штаммдарын құрудың заманауи әдістері Тағам өнімдерінің экспертизасы Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі Биотехнологиялық өндірістің микробиологиялық негіздері

### Жалпы және молекулалық генетика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән гендік инженерияны; медициналық генетиканы; адам генетикасын; популяция генетикасын; даму генетикасын; гендер әрекетін реттеудің принциптері мен механизмін; геннің құрылымы мен функцияларын; мутацияны; мутация түрлерін; мутация процесін; ядродан тыс тұқымқуалау; тіркес тұқымқуалау мен кроссинговерді; жыныспен тіркес тұқымқуалау; аллельді емес гендердің өзара әрекеттесу түрлерін; гендердің комплементарлық әсері, эпистаз, полимерия; жынысты хромосомалық анықтау және жыныспен байланысқан белгілердің тұқым қуалауын оқытады.

#### Пәнді оқыту мақсаты

Бұл курстың мақсаты- курстың әрбір бөлімінің негізгі принциптерінің, заңдары мен ұғымдарының мазмұнын ашуды қамтамасыз ету және генетика әдістерін саналы қабылдау және меңгеру үшін генетикалық ойлау дағдыларын дамыту болып табылады.

#### Оқыту нәтижелері

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо- физиологиялық, биохимиялық, молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау

ON7 Биотехнологияның әртүрлі салаларында қолданылатын микроорганизмдерді, өсімдіктерді немесе жануарларды ғылыми зерттеулер мен практикалық зерттеулер үшін объектілер ретінде қолдану

#### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Тірі ағзаны ұйымдастырудың әртүрлі деңгейлерінде зерттеу: молекулалықдан биосфераға дейін. Генетиканың заңдылықтарын түсіндіру;

2. Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік қасиеттерін қамтамасыз ететін іргелі генетикалық механизмдерге сипаттама беру.

3. Ген экспрессиясының реттелу механизмдерін түсіндіру.

#### Пререквизиттер

Мектеп курсы

#### Постреквизиттер

Жасушалық биотехнология

### Тамақтану физиологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

#### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән адам ағзасының негізгі жүйелерінің қызмет етуіндегі тамақтанудың ролін және ағзаның тағамдық мәртебесін бағалауды; энергияның тәуліктік жұмсалуды; ағзадағы зат алмасудың негізгі процестерін; тамақтану рационы ұғымын; әртүрлі тамақ өнімдерінің физиологиялық мәнін, құрамын, тағамдық және энергетикалық құндылығын; адамның қоректік заттарға қажеттілігінің тәуліктік нормасын; халықтың әртүрлі топтары үшін тиімді теңгерімді тамақтану принциптері мен нормаларын оқытады.

#### Пәнді оқыту мақсаты

Организмнің негізгі физиологиялық жүйелерінің жұмыс істеуіне тамақтың және оның компоненттерінің әсер етуі туралы студенттерде білім жүйесінің қалыптасуы.

#### Оқыту нәтижелері

ON3 Физиканың іргелі заңдарын, сызықтық алгебра элементтерін, физиканың математикалық есептеріндегі дифференциалдық және интегралдық есептеулерді және табиғатта, оның ішінде тірі тіршілік ағзасында өтетін физикалық процестерді сипаттаудың математикалық әдістерін қолдану

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо- физиологиялық, биохимиялық, молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Азық-түлік шикізаты мен өнімдерінің сапасына органолептикалық бағалау жүргізу;
2. Тағамдардың энергетикалық құндылығын есептеу;
3. Тұтынушылардың әртүрлі санаттары үшін диеталар жасау.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Өндірістік биотехнология негіздері  
биотехнологиясы

Ұлттық сүт өнімдерін өндіру биотехнологиясы

Ашыту өндірісінің

## Өсімдік физиологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән өсімдік ағзалары тіршілігінің жалпы заңдылықтарын, өсімдік ағзаларының минералдар мен суды сіңіру процестерін, өсу және даму, гүлдену және жеміс беру, тамақтану, тыныс алу, биосинтез және әртүрлі заттардың жинақталу процестерін зерттейді. Өсімдік ағзаларының жалпы өнімділігін, қоректік құндылығын, олардың ұлпалары мен мүшелерінің технологиялық сапасын арттыру тәсілдері мен әдістері; өсімдіктер физиологиясы саласындағы жаңа әзірлемелер мен жетістіктерді оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Өсімдік ағзаларында өтетін физиологиялық процестер негізінде жатқан жалпы заңдылықтар мен нақты механизмдер туралы студенттердің білімін қалыптастыру.

### Оқыту нәтижелері

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо- физиологиялық, биохимиялық, молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау

ON7 Биотехнологияның әртүрлі салаларында қолданылатын микроорганизмдерді, өсімдіктерді немесе жануарларды ғылыми зерттеулер мен практикалық зерттеулер үшін объектілер ретінде қолдану

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Құрылымдық-функционалдық ұйымдастыру принциптерін қолдану, тірі объектілердің жағдайын бағалау және түзету және олардың мекендеу ортасын бақылау үшін физиологиялық, цитологиялық, биохимиялық, биофизикалық талдау әдістерін қолдану;
2. Зерттеу мәселелерін шешуге адекватты әдістерді таңдауды жүзеге асыру және объектінің физиологиялық күйі мен қоршаған орта факторларының арасындағы байланысты анықтау;
3. Тірі объектілердің күйін бағалау әдістерін қолдану.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Биоинженерия

Өсімдік жасушаларының культурасы

## Инженерлік графика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пәнде графикалық жұмыстарды орындау және рәсімдеу ережелері зерделенеді; геометриялық және проекциялық сызудың есептері шешіледі; сызбалар мен схемаларды орындау кезінде шартты графикалық белгілерді қолдану ережелері зерделенеді. Білім алушылар осы пәнді зерделей отырып, түрлер, тіліктер мен қималар көмегімен бөлшектердің бейнелеуін орындау, эскиздер мен жұмыс сызбаларын, құрастыру сызбаларын орындау; позициялардың өлшемдері мен нөмірлерін салу, спецификацияларды жасау дағдыларын алады.

### Пәнді оқыту мақсаты

жобалық құжаттаманы орындау мен рәсімдеудің негізгі ережелері зерттеледі. Техникалық ойды білдіру құралы ретінде сызбаны толық игеру және

өндірістік құжаттармен, сондай-ақ сызбада тұрақты дағдыларды игеруге курстық және дипломдық жобалау практикасымен бекітілген тиісті бейіндегі техникалық пәндердің бүкіл кешенін игеру нәтижесінде қол жеткізіледі

### Оқыту нәтижелері

ON9 Санитарлық және басқа да регламенттер талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндіріс кәсіпорындарын АЖЖ элементтерімен, инженерлік графиканы және өндірістің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету жолдары пайдалана отырып жобалау

## Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Жобалау құжаттамасын әзірлеу, ресімдеу және айналымы үшін өзара байланысты ережелер мен нормаларды белгілейтін КҚБЖ (конструкторлық құжаттаманың бірыңғай жүйесі) негізгі ережелерін түсіндіру;
2. Процестерді, құрылғыларды, машиналарды есептеуді орындау;
3. Кескіндерден бөлшектердің геометриялық пішіндерін анықтау және бұл бейнелерді болмысынан және бұйымдардың немесе оның элементтерінің сызбасына сәйкес жасай білу.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Биотехнологиялық өндіріс кәсіпорындарын ПРЖА қолданумен жобалау

## Компьютерлік графика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән компьютерлік графиканың қысқаша тарихын; компьютерлік графиканың қолданылу аясын; компьютерлік графиканың негізгі ұғымдарын; пайдаланылатын бағдарламалық қамтамасыз ету мен жабдықты; компьютерде графикалық ақпаратты ұсыну принциптерін; графикалық файлдардың форматтарын; графикалық ақпаратты енгізу және шығару құрылғыларын; графикалық адаптерлер мен мониторларды; сканерлер мен дигитайзерлерді; плоттерлер мен принтерлерді; компьютерлік редакторлар мен графикалық бағдарламаларға шолу; векторлық графикалық редакторлар; растрлық графикалық редакторларды оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің компьютерлік геометрияны меңгеруі, растрлық және векторлық графигі, көрнекіліктің табысы үшін студенттерді графикалық әдісті қолдануға, деректердің өңдеуіне, үдерісінің байымының тұтастығына, өзара объектінің ақпараттық байланысын оқыту.

### Оқыту нәтижелері

ON9 Санитарлық және басқа да регламенттер талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндіріс кәсіпорындарын АЖЖ элементтерімен, инженерлік графиканы және өндірістің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету жолдары пайдалана отырып жобалау

ON11 Ақпаратты іздеу және сақтау үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану, электрондық кестелермен жұмыс істеу, деректерді жүйелеу, деректер қорымен жұмыс істеу

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Компьютерлік графиканы дамыту саласында заманауи бағдарламалық құралдарды қолдану;
2. Растрлық және векторлық графиканың негізгі алгоритмдерін енгізу;
3. Графикалық стандарттар мен кітапханаларды пайдалану.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Ашыту өндірісінің кәсіпорындарын жобалау Е т және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарын жобалау

## Кескінді геометрия және сызу

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл пәнде сызбаларды құру теориясы; позициялық есептер; сызбаларды жасау және оқу ережелері; кешенді сызбаны түрлендіру тәсілдері, қисық беттер, түрлері, қималары, тілімдері, біріктіру, дәнекерлеу, бұранда және бұранда қосылыстары, желім, шлицті және кілттік қосылыстар, эскиздер; тісті доңғалақтар; жұмыс және құрастыру сызбалары; жобалық құжаттаманы әзірлеу, өңдеу және ресімдеу тәртібі бойынша өзара байланысты ережелер мен ережелер белгіленген КҚБЖ негізгі ережелері оқытылады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Кескінді геометрияны оқытужан-жақты түсініктерді және көріністерді, конструктырлық – геометриялық ойларды дамытуды қамтамасыз ететін білімдерді, нақты кеңістіктік объектілерді анықталатын сызбалар түрінде тәжірибелік көрсететін, кеңістіктік түрлерін және кеңістіктің графикалық үлгілерінің негізінде олардың қатынастарын синтездеу және талдау қабілеттіліктерін студенттерге игерту.

### Оқыту нәтижелері

ON9 Санитарлық және басқа да регламенттер талаптарына сәйкес биотехнологиялық өндіріс кәсіпорындарын АЖЖ элементтерімен, инженерлік графиканы және өндірістің экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету жолдары пайдалана отырып жобалау

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Инженерлік графика бойынша білімдерін практикалық инженерлік есептерді шешуде қолдану;
2. Сызу құралдарымен және эскиз бөлшектерімен жұмыс жасау;
3. Анықтамалық әдебиеттерді және ESKD стандарттарын пайдалану.

### Пререквизиттер

Мектеп курсы

### Постреквизиттер

Ашыту өндірісінің кәсіпорындарын жобалау Е т және сүт өнеркәсібі кәсіпорындарын жобалау



## Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу барысында жазбаша және ауызша қарым-қатынастың ерекшелігі, академиялық қарым-қатынас, аналитикалық сөйлеу шығармаларының тілдік ерекшеліктері, ғылыми стиль, академиялық оқу, аналитикалық қарым-қатынастың ауызша формалары, аналитикалық сөйлеу туындыларын дайындау кезеңдері, ғылыми мәтіннің техникалық рәсімделуі, академиялық жазу, ғылыми зерттеу жүргізу техникасы оқытылады. Ақпарат талданады, мәтіндер реферирленеді және аннотацияланады; анықтамалық материалдарды, оның ішінде Интернет ресурстары қолданылады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің академиялық ортада тиімді қарым-қатынас жасауда шет тілдік коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру

### Оқыту нәтижелері

ON2 Әлеуметтік және кәсіби маңызы бар тәжірибені талдау және сыни тұрғыдан түсіну, мәдениетаралық ортада ауызша және жазбаша түрде, оның ішінде шет тілінде тиімді қарым-қатынас жасау

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Академиялық ортада қарым-қатынас жасау үшін қажетті академиялық сөздік қорын көрсету;
2. Академиялық ортада кең ауқымды тақырыптар бойынша логикалық, құрылымдық хабарлама қалыптастыру;
3. Ақпаратты талдау, мәтіндерді реферат және аннотациялау.

### Пререквизиттер

Шетел тілі Қазақ тілі Орыс тілі

### Постреквизиттер

Өндірістік биотехнология негіздері Индустриалды биотехнология

## Кәсіби-бағытталған тілдер

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқу барысында кәсіби терминология, арнайы кәсіби бағытталған материал және оны кәсіби жағдайларда қолдану оқытылады. Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі мәтіндердегі бағыт, кәсіби мазмұндағы монологтық сөздер. Кәсіби қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің мамандық пәндерімен байланысы. Кәсіби бағытталған тілді оқыту адамның кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыру және кәсіби білім алу мақсатында оны арнайы пәндермен біріктіруден тұрады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Студенттерді ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас жасауға, кәсіби және әлеуметтік қарым-қатынас салаларында қарым-қатынас жасауға дайындау, коммуникативтік құзыреттілікті меңгеру, кәсіби қызметтің түрлі салаларында, ғылыми және практикалық жұмыста кәсіби қазақ/орыс/ағылшын тілін пайдалануды үйрету.

### Оқыту нәтижелері

ON2 Әлеуметтік және кәсіби маңызы бар тәжірибені талдау және сыни тұрғыдан түсіну, мәдениетаралық ортада ауызша және жазбаша түрде, оның ішінде шет тілінде тиімді қарым-қатынас жасау

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Таңдаған мамандығы бойынша түпнұсқа әдебиеттерді аудару және сөйлемнің мағынасын қазақ, орыс және шет тілдеріне тұжырымдау;
2. Оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес ақпаратты үш тілде көрсету (реферат, аннотация, түйіндеме);
3. Кәсіби тақырыптар бойынша ауызша хабарламаларды, оның ішінде мультимедиялық технологияларды пайдалана отырып, түсіндіру.

### Пререквизиттер

Шетел тілі Қазақ тілі Орыс тілі

### Постреквизиттер

Биотехнология негіздері Өндірістік биотехнология

## Кәсіби бағытталған мәтінмен жұмыс

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән кәсіби, ғылыми, қоғамдық-саяси қарым-қатынас салаларындағы ауызша және жазбаша сөйлеу ерекшеліктерін; лекциялардың, әңгімелердің, баяндамалардың негізгі ережелерін зерделейді; кәсіби тақырыпқа нақты, логикалық түрде құрылған баяндама жасайды; кәсіби қарым-қатынас саласындағы ағылшын тілінің сөздік құрамының стилистикалық ерекшеліктерін түсінуді және қабылдауды; әр түрлі мәтіндердің жанрларын және оларды талдай алуды және ақпаратты коммуникацияда қолдана алуды оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Кәсіби-бағытталған шетелдік қатынасқа студенттің жеке қасиеттерін дамыту, оқылатын тіл елінің мәдениетін меңгеру және арнайы дағдыларды игеру.

### Оқыту нәтижелері

ON2 Әлеуметтік және кәсіби маңызы бар тәжірибені талдау және сыни тұрғыдан түсіну, мәдениетаралық ортада ауызша және

жазбаша түрде, оның ішінде шет тілінде тиімді қарым-қатынас жасау

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Кәсіби, ғылыми, қоғамдық-саяси коммуникация салаларында ауызша және жазбаша сөйлеуді қолдану;
2. Кәсіби пікірталастарға, ғылыми пікірталастарға, пікірсайыстарға, қазақ, орыс және шет тілдеріндегі әңгімелерге қатысу;
3. Кәсіби түрде анықталған жағдаяттар аясында ағылшын тілінде мәтін құрастыру және жүйелеу дағдыларын көрсету.

### Пререквизиттер

Шетел тілі Қазақ тілі Орыс тілі

### Постреквизиттер

Өндірістік биотехнология негіздері

Индустриалды биотехнология

## Биоинженерия

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән биология ұғымдары мен әдістерін (және, екінші кезекте, физика, химия, математика және информатика) тірі организмдер туралы ғылымдармен байланысты өзекті мәселелерді шешу үшін инженерлік аналитикалық және синтетикалық әдістемелерді қолдана отырып зерттейді; биоинженерлік есептерді шешуде қолданылатын жаңа зерттеу әдістері. Биоинженерия негізінен тірі организмдерді қолдануды зерттеу және дамыту үшін молекулалық биологияның тез дамып келе жатқан саласын қолданады.

### Пәнді оқыту мақсаты

"Биоинженерия" студенттерді инженерия, биология және медицина саласындағы пәнаралық жетістіктермен таныстыру болып табылады

### Оқыту нәтижелері

ON3 Физиканың іргелі заңдарын, сызықтық алгебра элементтерін, физиканың математикалық есептеріндегі дифференциалдық және интегралдық есептеулерді және табиғатта, оның ішінде тірі тіршілік ағзасында өтетін физикалық процестерді сипаттаудың математикалық әдістерін қолдану

ON4 Есептік есептерді шешуде химияның негізгі стехиометриялық заңдарын қолдану, реакциялардың әртүрлі түрлерінің өту заңдылықтары, химиялық процестердің энергетикалық сипаттамаларын және берілген концентрациядағы ерітінділер компоненттерінің санын есептеу

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо- физиологиялық, биохимиялық, молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау

ON7 Биотехнологияның әртүрлі салаларында қолданылатын микроорганизмдерді, өсімдіктерді немесе жануарларды ғылыми зерттеулер мен практикалық зерттеулер үшін объектілер ретінде қолдану

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Биотехнологиялық және биомедициналық салалар, гендік инженерия, нанобиотехнологиялар, молекулалық модельдеу негіздері туралы заманауи идеяларды кәсіби қызметте қолдану;

2. Биотехнологиялық өндірістер үшін кәсіби қызмет объектілерінің болашағын бағалау және болжау;

3. Қазіргі биотехнология принциптерін, гендік инженерия әдістерін, нанобиотехнология және молекулалық модельдеу негіздерін анықтау.

### Пререквизиттер

Тағамдық микробиология және санитарлық гигиена

### Постреквизиттер

Өндірістік биотехнология негіздері  
микробиологиялық негіздері

Индустриалды биотехнология

Биотехнологиялық өндірістің

## Жасушалық биотехнология

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән жасушалық биотехнологияның теориялық негіздерін; геномиканы, протеомиканы және биоинформатиканы; жасушалық деңгейде гендік-инженерлік конструкцияларды жасаудың негізі ретінде құрылымдық, функционалдық және салыстырмалы геномиканы; организмдердің әртүрлі түрлерінің протеомасын, оның функционалдық ұйымдастырылуы мен реттелуін; биотехнологиялық міндеттерді жоспарлаудағы, ұйымдастырудағы және іске асырудағы биоинформатиканы; in vitro культивирленетін жасушалардың сипаттамасын; қоректік орта және культивирлеу жағдайлары; биологиялық белсенді қосылыстар өндірісіндегі жасуша культурасы оқытылады.

### Пәнді оқыту мақсаты

«Жасушалық биотехнология» оның әлемдегі едәуір перспективті дамыған бағыттары туралы студенттердің білімін дамыту және оның молекулалық биотехнология, жасушалық және молекулалық биофизика, биохимия, молекулалық генетика, микробиология, молекулалық иммунология және биоинформатика салаларындағы жетістіктерімен байланысы.

### Оқыту нәтижелері

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо- физиологиялық,

биохимиялық, молекулярлық-генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау ON7 Биотехнологияның әртүрлі салаларында қолданылатын микроорганизмдерді, өсімдіктерді немесе жануарларды ғылыми зерттеулер мен практикалық зерттеулер үшін объектілер ретінде қолдану

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Биотехнологиялық өнімді алу үшін тірі жасушалардың құрылысы мен қызмет ету принциптерін қолдану;
2. Жасуша биотехнологиясының мәселелерін шешу үшін қазіргі ақпараттық технологияларды, соның ішінде мәліметтер базасы мен қолданбалы пакеттерді пайдалану;
3. Гендік инженерия саласында теориялық білім мен практикалық дағдыларды қолдану.

### Пререквизиттер

Биотехнология нысандары

### Постреквизиттер

Тағамдық биотехнология Тағам өнімдерін талдау әдістері Биотехнологиялық өндірістерді микробиологиялық бақылау

## Өсімдік жасушаларының культурасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән культурадағы жасушалардың өсуін зерттейді; дедифференциация және каллус түзілуі; жасуша культивирлеу биологиясы; сұйық ортада жасуша культивирлеу; қоректік орталар; өсімдік жасушаларын культивирлеу принциптері мен әдістері; өсімдіктердің клондық микро көбеюі; өсімдік жасушалары мен ұлпаларының культуралары арқылы екіншілік метаболиттерді алу; коллекциялар мен криобанктерде жоғары өсімдіктердің гендік қорын сақтау; өсімдіктер биологиясының теориялық мәселелерін шешу үшін жасуша культурасын қолдануды оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Биотехнологияда өсімдік жасушаларын қолдану негіздері мен студенттерді таныстыру.

### Оқыту нәтижелері

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо- физиологиялық, биохимиялық, молекулярлық-генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау

ON7 Биотехнологияның әртүрлі салаларында қолданылатын микроорганизмдерді, өсімдіктерді немесе жануарларды ғылыми зерттеулер мен практикалық зерттеулер үшін объектілер ретінде қолдану

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Биологиялық объектілердің жасушалық ұйымдасу принциптері, биофизикалық және биохимиялық негіздері, мембраналық процестер мен тіршіліктің молекулалық механизмдері туралы білімдерін қолдану;
2. Биотехнологиялық әдістермен жасалған өсімдіктерді интродукциялаудың салдарын болжау;
3. Маңызды дақылдардың өнімділігі мен тұрақтылығын арттыру үшін биотехнологиялық әдістерді қолдану.

### Пререквизиттер

Өсімдік физиологиясы

### Постреквизиттер

Биотехнологиядағы фитогормондар Фототрофты микроорганизмдер биотехнологиясы

## Микроорганизмдер биотехнологиясының негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән биотехнологияның даму тарихын, мақсаттары мен міндеттерін; микробиологиялық биотехнология негіздерін; даму перспективаларын; биотехнологияның негізгі бағыттарын; "автоселекция" және "популяциялық орнықтылық" ұғымдарын; микроорганизмдердің өнеркәсіптік штаммдарын жасаудың қазіргі заманғы әдістерін және олардың құнды қасиеттерін сақтау проблемаларын; микроорганизмдер штаммдарын сақтаудың негізгі әдістерін; биотехнологиялық процестерді: жүйелеуді, сатысын және жүзеге асыру қағидаттарын; микроорганизмдерді культивациялау; микроорганизмдерді культивациялау үшін қоректік орта рецептурасын жасауды оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Студенттерге биотехнологияның мақсаттары және міндеттері, микробиологиялық үрдістердің принциптері мен ерекшеліктері, микроағзалардың жоғары өнімділігі бар өндірістік штаммдарын алу әдістері, оларды культивирлеу әдістері және сақтау туралы білім беру. Антибиотиктердің, ферменттердің, аминқышқылдарының, полисахаридтердің, органикалық қышқылдардың және бейтарап өнімдердің, өсімдіктерді қорғайтын бактериалды заттарды және тыңайтқыштардың, біржасушалы ағзалардың ақуыздарының кәсіби өндірісімен таныстыру.

### Оқыту нәтижелері

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо- физиологиялық, биохимиялық, молекулярлық-генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде

физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау ON7 Биотехнологияның әртүрлі салаларында қолданылатын микроорганизмдерді, өсімдіктерді немесе жануарларды ғылыми зерттеулер мен практикалық зерттеулер үшін объектілер ретінде қолдану

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Культуралар мен препараттардың тазалығы мен белсенділігін анықтау, продуценттердің өсуін бақылау;
2. Микроорганизмдер биотехнологиясы туралы білімдерін практикада қолдану;
3. Биотехнология объектілерінің практикалық пайдалы қасиеттерін талдау;

### Пререквизиттер

Биотехнология нысандары Тағамдық микробиология

### Постреквизиттер

Ғылыми зерттеу негіздері  
бақылау

Экологиялық биотехнология

Биотехнологиялық өндірістерді микробиологиялық

## Тауартану негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән жіктеу және кодтау әдістерін қолдана отырып, тауарларды жүйелеуді; ұйымның ассортиментін басқаруды; тауардың пайдалану құнын құрайтын оның негізгі сипаттамаларын, сондай-ақ тауар қозғалысының барлық кезеңдерінде олардың мүмкін болатын өзгерістерін; нақты тауарлардың тауартану сипаттамасын; тауарлардың сапасына қажеттіліктер мен талаптарды; тауарларды тауартану талдауы мен сараптамасын; тауарлардың тұтыну қасиеттерін; тауарлардың сапа көрсеткіштерін зерделейді; тауартанудағы бағалау қызметі.

### Пәнді оқыту мақсаты

Класс, подкласс және топқа тәуелсіз барлық тауарларға тән теориялық жағдайларды оқу, тауартанудың жеке әдістерін қолдана білуді, тауарлық негізге алынатын сипаттамаларын анықтау, өндіріс, тауар тасымалдау және пайдалану кезеңдерінде олардың сапасын сақтау және бағалауды үйрену.

### Оқыту нәтижелері

ON3 Физиканың іргелі заңдарын, сызықтық алгебра элементтерін, физиканың математикалық есептеріндегі дифференциалдық және интегралдық есептеулерді және табиғатта, оның ішінде тірі тіршілік ағзасында өтетін физикалық процестерді сипаттаудың математикалық әдістерін қолдану

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо- физиологиялық, биохимиялық, молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау

ON11 Ақпаратты іздеу және сақтау үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану, электрондық кестелермен жұмыс істеу, деректерді жүйелеу, деректер қорымен жұмыс істеу

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Тауарлардың классификациялық топтарын тану;
2. Мерчандайзингтің кезеңдері мен кезеңдерін талдау;
3. Тауарлардың технологиялық циклінің кезеңдері мен кезеңдерін талдаңыз.

### Пререквизиттер

Тағамдық микробиология және санитарлық гигиена

### Постреквизиттер

Тағам өнімдерінің экспертизасы

Тағам өнімдерінің қауіпсіздігі

Ғылыми –зерттеу жұмысының методологиясы

## Микроорганизмдердің өндірістік штамдарын құрудың заманауи әдістері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән микробтық жасушадағы метаболизмнің реттелуін, ферменттер синтезінің индукциясы мен репрессиясын, метаболизмнің реттелуі мен протеолизін, мутанттар мен мутагенезді оқшаулау әдістерін, эукариотты микроорганизмдерді будандастыруды, өнеркәсіптік маңызды микроорганизмдердің гендік инженериясын, адам интерферондары өндірушілерінің штамдарын құруды зерттейді. микроорганизмдердегі бөгде гендердің көрінісі, бактериялардағы конъюгация және плазмидтер, векторлық молекулалар, протопласттардың қосылуы, бастапқы метаболиттер продуценттерінің штамдарының құрылысын оқытады.

### Пәнді оқыту мақсаты

Микроағзалардың өндірістік штамдарын құрудың заманауи әдістері аймағынан білім алу, алынған білімді тәжірибелік іс-әрекетте қолдану.

### Оқыту нәтижелері

ON5 Тірі және жансыз табиғатта болып жатқан негізгі үдерістерді мен құбылыстарды талдау және биологиялық объектілердің құрылымдық және функционалдық ұйымдастыру принциптерін анықтау, биотехнологиялық процестің оңтайлы жағдайларын таңдау үшін негізгі ингредиенттер мен мақсатты өнімдердің биосинтезінің ықтимал жолдарын анықтау

ON6 Далалық, зертханалық және өнеркәсіптік жағдайларда биообъектілердің қызмет етуінің морфо- физиологиялық, биохимиялық, молекулалық-генетикалық ерекшеліктерін түсіндіру және микроағзалардың жекелеген жасушаларын өсіруде физикалық-химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдана отырып, сапалық және сандық талдауларды орындау

ON7 Биотехнологияның әртүрлі салаларында қолданылатын микроорганизмдерді, өсімдіктерді немесе жануарларды ғылыми

зерттеулер мен практикалық зерттеулер үшін объектілер ретінде қолдану

### Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Жарық микроскопының көмегімен микроскопия жүргізу; әртүрлі қоректік орталарды ұолдану арқылы, соның ішінде анаэробты жағдайда микроорганизмдерді өсіру;
2. Әртүрлі әдістермен микроорганизмдердің таза дақылын бөліп алу; микроскопиялық, культуралық және биохимиялық әдістерді қолданып микроорганизмдерді анықтау;
3. Микроорганизмдердің боялған бактериологиялық препараттарын дайындау.

### Пререквизиттер

Тағамдық микробиология және санитарлық гигиена Ет және сүт өндірісіндегі микробиология және биотехнология

### Постреквизиттер

Микроорганизмдердің өнеркәсіптік штамдарының селекциясы Ашыту өндірісінің микроорганизмдері

## Жануарлар биотехнологиясы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

### Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән клондау әдістерін; жануарлар гендерінің құрылымын; жануарлардың ұрық және соматикалық жасушаларының генетикалық трансформациясын; жасанды ұрықтандыру әдістерін; трансгенді жануарларды алуды; аллофенді жануарларды (генетикалық химераларды) алуды және жыныс және ұрық жасушаларын криоконсервациялау мәселелерін зерттейді; Жануарлар биотехнологиясының жалпы биологиялық негіздері; жасушалық және эмбриологиялық инженерияның амалдары; соматикалық жасушаларды клондау және генетикалық трансформациялау қағидалары; биотехнологиялық әдістерді мал шаруашылығы ғылымы мен практикасында қолдану туралы түсінік.

### Пәнді оқыту мақсаты

Бұл пәннің мақсаты студенттерге биотехнологияның жалпы мәселелері бойынша теориялық білім беру және мал шаруашылығындағы эмбриондарды трансплантациялау және эмбриондық инженерлік зерттеулер бойынша практикалық дағдыларды беру болып табылады.

### Оқыту нәтижелері

